№5 (437)
28 мамыр
2019 жыл

# Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

## Осы санда



5-стр

ЛУЧШИЕ ЛЮДИ – В МОЕЙ СЕМЬЕ



6-7 бб

БАЛАЛАРДЫҢ ОРАЗА ТҰТУЫ ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ МА?



8-9 бб

Ерлан АРЫН: ӘКЕМДІ САҒЫНҒАНДА...

Эксклюзив



ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІ МЕН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТУ САБАҚТАРЫ

**1 мая – день единства народа Казазхстана**

# Спокойствие в семье – залог процветания государства



4 стр

# ☑ Айдың айшықты жаңалықтары

## ҰЛТТЫҚ РЕЙТИНГ ҚОРЫТЫНДЫСЫ – АЛҒАШҚЫ БЕСТІК

Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі (БСҚА) еліміздегі үздік жоғары оқу орындарының биылғы ұлттық рейтинг қорытындысын жариялады. Жұбанов университеті ТОП-20 қатарының 4-ші позициясында. Бұл жоғары жетістікке оқу орны студенттердің үздік үлгерімі, сарапшылардың оң бағасы және жұмыс берушілердің түлектерді кәсіби бағалау нәтижелері арқылы жетіп отыр. Бұл ретте жоғары оқу орнының көпсалалы, техникалық, гуманитарлы-экономикалық білім бағыттарының жеткіліктілігі да ескерілді.




Сондай-ақ аталмыш рейтинг бойынша университеттің «5В011700 — Қазақ тілі мен әдебиеті», «5В012200 — Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті», «5В010100 — Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «5В012900 — География және тарих», «5В011000 – Физика», «5В012600 – Математика-физика» мамандықтары даярлау бағыттары және деңгейлеріне сәйкес 1-нші орынды иеленді.

## ИТОГИ НАЦИОНАЛЬНОГО РЕЙТИНГА – ПЯТЕРКА ЛИДЕРОВ

Независимое казахстанское агенство по обеспечению качества образования объявило рейтинг лучших ВУЗов страны за этот год. Университет Жубанова вошёл в ТОП-20 и занял 4 позицию. Такого результата учебное заведение добилось благодаря отличной успеваемости студентов, положительной оценке экспертов и профессиональной оценке выпускников работадателями. В этот раз учитывались многопрофильность, техническая и гуманитарно-экономическая образовательные направления вуза.

Также согласно этому рейтингу специальности университета «5В011700 — Казахский язык и литература», «5В012200 — Русский язык и литература для школ с нерусским языком обучения», «5В010100 — Дошкольное обучение и воспитание», «5В012900 — География и история», «5В011000 – Физика», «5В012600 – Математика-физика» по уровню и направлениям подготовки удостоились I места.

## THE RESULTS OF THE NATIONAL RANKING - THE TOP FIVE

Independent Kazakhstan Agency for Quality Assurance has announced the ranking of the best universities of the country for this year. Zhubanov University entered the TOP-20 and took the 4th position. The university achieved such a result thanks to the excellent academic performance of students, the pending evaluation of experts and the professional assessment of the graduates of the readers. This time the versatility, technical and humanitarian-economic educational directions of the university were taken into account.

Also, according to this specialty rating of the university “5B011700 - Kazakh language and literature”, “5B012200 - Russian language and literature for schools with non-Russian language of instruction”, “5B010100 - Preschool education and upbringing”, “5B012900 - Geography and history”, “5B011000 - Physics ”,“ 5B012600 - Mathematics-Physics ” were awarded the I place in terms of the level and directions of education.

# ☑ Главные новости месяца

## САН-ПЕТЕРБОРДА АҚТӨБЕНІҢ ӘЛИЯСЫНА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ

Ұлы Жеңістің 74-жылдығы қарсаңында Ресейдің Сан-Петербор қаласында қазақтың батыр қызы, Ақтөбенің Әлиясына ескерткіш ашылды. Кеңес Одағының батыры, снайпер қыз Әлия Молдағұлованың ескерткіші оның атындағы көшеде, 5-ші үйдің жанында орналасқан. Ескерткіштің биіктігі 3 метр, қоладан жасалған, тұғыры қызыл граниттен тұрады. Мүсіндік композицияда батырдың есімі мен жапсырма жұлдызы бедерленген. Постаменттің сыртқы жағында мерген қыздың ерлігінің қысқаша сипаттамасы қашап жазылған. Ескерткішті тұрғызу Сан-Петербор Үкіметінің, Қазақстанның Ресейдегі Елшілігінің, Ақтөбе және Атырау облысы әкімдіктерінің ынтымақтасуымен жүзеге асты. Шығармашылық жобаның авторы — белгілі қазақ мүсіншісі Едіге Рахмадиев.




## В САНКТ-ПЕТЕРБУРГЕ УСТАНОВИЛИ ПАМЯТНИК АЛИЕ

В Санкт-Петербурге в предверии 74-й годовщины Победы открылся памятник Герою Советского Союза, девушке-снайперу, актюбинке Алие Молдагуловой. Объект расположен в одном из городских скверов на одноименной улице. Скульптурная композиция из бронзы высотой три метра установлена на постаменте из розового гранита. На нем выбиты имя героини и накладная звезда героя. На обратной стороне постамента – краткое описание ее подвига. Создание памятника стало возможным благодаря общим усилиям правительства Санкт-Петербурга, посольства Казахстана в России, акиматов Актюбинской и Атырауской областей. Авторство творческого проекта принадлежит известному казахскому скульптору Едиге Рахмадиев.

## IN ST. PETERSBURG CITY WAS SET A MONUMENT TO ALIYA

In the city of St. Petersburg on the threshold of the 74th anniversary of the Victory, was opened a monument dedicated to the Hero of the Soviet Union, a sniper girl from Aktobe Alia Moldagulova. The object is located in one of the city squares on the street of the same name. The sculptural composition of bronze, three meters high is mounted on a pedestal of pink granite. The name of the heroine and the star of the hero are stamped on it. On the reverse side of the pedestal – is a brief description of its exploits. The creation of the monument was made possible thanks to the collaborative efforts of the government of St. Petersburg, the Embassy of Kazakhstan in Russia, and the akimats of Aktobe and Atyrau regions. Authorship of the creative project belongs to the famous Kazakh sculptor Edige Rakhmadiyev.

# ☑ Top news of the month



## ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ АҚТӨБЕДЕ БОЛДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтөбе облысына ресми сапармен келіп кетті. Ол өңірдегі бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысандарды аралады. Соның бірі — Ақтөбе индустриалды аймағы. Онда Президентке ЖШС «Зерде-Керамика Ақтөбе» зауытының құрылысы туралы жақсы жаңалық жеткізді. Бұл еліміз үшін маңызы үлкен жоба саналады. Зауыт құрылысын салуға – 9,2 млрд.теңге жұмсалмақ. Кәсіпорынның жылдық қуаты – еуропалық сападағы 5 млн.шаршы метр керамикалық плиталар шығару. Өнімнің негізі ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағытталған, тек 30 пайызы экспортқа шығарылатын болады. Керамограниттің алғашқы партиясы 2019 жылдың IV тоқсанында қолға тимек.

Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ тұрғындардың денсаулығын қорғау мәселесін жан-жақты көтерген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысып, сосын қала жұртшылығымен жүздесті.

## ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА ПОСЕТИЛ АКТОБЕ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в официальным визитом побывал Актобе. В программе посещений ряд социальных и производственных объектов. Один из них — Индустриальная зона. Здесь ведётся строительство завода ТОО «Зерде-Керамика Актобе». Этот проект стоимостью 9,2 млрд тен-



ге значимый для всей страны. Запланированная годовая мощность - 5 млн кв м керамической плитки. 30% продукции будет отправляться на экспорт, весь остальной объём намерены реализовывать в Казахстане. Первая партия керамогранита будет готова к выпуску в IV квартале 2019 года.

Касым-Жомарт Токаев принял участие в международной конференции, где обсуждались вопросы защиты здоровья населения и встретился с актюбинцами.

## THE PRESIDENT OF KAZAKHSTAN VISITED AKTOBE

The President of Kazakhstan, Kasym-Zhomart Tokayev, was in Aktobe city with official visit. The program has a number of social and industrial facilities. One of them is Industrial Zone. In this zone is being built Zerde-Ceramics Aktobe LLP fasility. This project worth 9.2 billion tenge and it is very significant for the whole country. The planned annual capacity is 5 million square meters of ceramic tiles. 30% of product will be exported; the rest of the volume will be sold in Kazakhstan. The first batch of porcelain stoneware will be ready for releasing in the fourth quarter of 2019. Kassym-Zhomart Tokayev took part in the international conference where were discussed the issues of protecting public health and met with Aktobe residents.

## ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ

Ақтөбеде Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған мерекелік шаралар өтті. Шаралар «Мәңгілік алау» аллеясында қан майданнан қайтпаған ҰОС жауынгерлерін бір минут үнсіздікпен еске алудан басталып, қаладағы даңқ ескерткіштеріне гүл шоқтарын қоюмен жалғасты. Мерекеде «ҚР Тұңғыш Президенті» атындағы орталық саябақта жиналған ақтөбеліктер театрландырылған көріністер мен әскери әндер концертін тамашалады. Соғысқа қатысқан ата-бабаларының фотосуреттерін ұстап келіп, мақтанышпен еске алды. Мерекені халық арасында өткізген облыс әкімі Оңдасын Оразалин көзі тірі майдангерлермен тілдесіп, жасанды дала асүйінде солдат ботқасынан дәм татты. Мерекеге келген жастармен әңгімелесті.

Ұлы Отан соғысына Ақтөбе облысынан 122000 астам адам қатысып, олардың 36000-нан астамы елге оралмады. 35 жауынгер Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Ерлігімен аты аңызға айналған 312 және 101 атқыштар бригадалары ақтөбеліктерден құрылған.

## 74 -АЯ ГОДОВЩИНА ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

В Актобе прошли мероприятия, приуроченные 74-й годовщине Великой Победы. Старт чествования значимой даты был дан на аллее «Вечного огня» минутой молчания в память о погибших в ВОВ. Ко всем городским памятникам героев войны были возложены корзины цветов. На сцене Парка Первого Президента РК артисты ставили театрализованное представление и пели песни военных лет. Горожане пришли с фото своих доблестных родственников, внёсших вклад в Победу. Аким Актюбинской области Ондасын Уразалин поприветствовал ветеранов войны и попробовал солдатскую кашу в имитированной кухне под открытым небом, побеседовал с молодежью.

В Великой Отечественной войне от Актюбинской области было отправлено 122000 человек, 36000 из них не вернулись с линии фронта. 35 ветеранов получили звание героя Советского Союза. Известные своей стойкостью и доблестью 312 стрелковая дивизия и 101 стрелковая бригада образованы в Актобе.

## 74TH ANNIVERSARY OF THE GREAT VICTORY

In Aktobe city took place the events dedicated to the 74th anniversary of the Great Victory. The commemoration of the significant date was given a minute of silence on the alley of «Eternal Flame» in memory of those killed in the Second World War. All city monuments to the heroes of the war were laid baskets of flowers. On the stage of the Park of the First President of the Republic of Kazakhstan, artists put on a theatrical performance and sang songs of the war years. The townspeople came with photos of their valiant relatives who contributed to the victory. Akim of Aktobe oblast Ondasyn Urazalin greeted war veterans and tried the soldier’s porridge in an imitated open-air kitchen, spoke with young people.

In the Great Patriotic War, 122,000 people were sent from the Aktobe oblast, 36,000 of them did not return from the front line. 35 veterans received the title of Hero of the Soviet Union. 312 rifle division and 101 rifle brigade, known for their stamina and valor, were formed in Aktobe.

Ай адамы Человек месяца Person of the month

# Спокойствие в семье – залог процветания государства



Феномен толерантности в философии занимает особое место. Появившееся ещё во времена античности, это явление на сегодня достигло пика своего развития. Сейчас терпимость прививают не только к другим народам и этносам, религии. Толерантность полноценно вошла в нашу повседневную жизнь – её применяют на работе, дома и в обществе. Как преподаватель науки «о мудрости», я счастлив работать с казахстанцами. Ведь у нас толерантность в крови.

Являясь в третьем поколении казахстанским украинцем, в своем родном Казахстане я достиг многих целей. Стал ученым – историком, кандидатом философских наук и, главное, создал свою молодую семью. И не удивительно, что она у меня интернациональная. Я – украинец, моя жена Айталиева Асылтас Ермековна – казашка из знаменитого рода Адай. Лет так 200 назад никто и помыслить в степи не мог, что воинственные адайцы примут в свои ряды скромного славянина. Но мы живем в эпоху глобализации – во время открытых дверей и больших возможностей. Времена национальных предрассудков постепенно уходят, а межнациональные браки становятся повседневной действительностью.



С Асылтас мы познакомились в 2009 году, будучи преподавателями многопрофильного колледжа при университете Жубанова. Я – учитель истории, она – английского языка. Общие коллеги, затем друзья и, конечно же, любовь соединили нас. Мои родители были не против нашего брака, также как и её. И в 2012 году мы сыграли большую свадьбу. Сейчас мы воспитываем двух прекрасных сыновей Дениса и Анатолия. Так как с супругой мы педагоги, прилагаем максимум усилий, чтобы наши дети с детства окунулись в интеллигентную среду. Они ходят в русский садик, но дома Асылтас с ними разговаривает на государственном языке. В дальнейшем мы будем учить их и английскому языку.



У нас дома в одинаковой мере переплетение западных и восточных, славянских и тюркских, христианских и мусульманских церемоний, обычаев и традиций. В нашей семье любят разные блюда, начиная с бешпармака и баурсаков, заканчивая борщём и варениками. Оказываясь в казахоязычной среде родственников жены, я как рыба в воде, поскольку с детства большинство моих друзей и сверстников были казахи. В среде моих родственников Асылтас на чисто русском языке ведет с ними диалоги.

Я считаю, что у нас поистине дружная семья, невзирая на определенную разницу в менталитете и традициях. Коллективизм и индивидуализм, щедрость и экономия, интровертность и экстровертность являются характерными чертами нашей ячейки общества. Мы любим путешествовать как по Казахстану, так и по России, где живет большинство моей родни. Нас уважают родственники, друзья и коллеги гордятся нами. Вот вам и толерантность на практике. И если больше будет подобных примеров, то и бытовому национализму не будет место в нашем обществе. Важно помнить, что толерантность и интернациональная дружба – это ни некая данность, пришедшая к нам из неоткуда. Это всегда труд, правильное воспитание и уважение, глубокое понимание и почитание истории своего и других народов. Поэтому будем надеяться, что пример нашей семьи станет образцом поведения для других казахстанских семей, поскольку спокойствие в семье – залог процветания государства.

**Мацюк Дмитрий Анатольевич, кандидат философских наук, ст. перподаватель кафедры Ассамблеи народа Казахстана и СПД АРГУ им. К. Жубанова**

☑ Ұлы Жеңіске арналады

☑ Великой Победе посвящается

☑ Dedicated to the Great Victory



**Говорят, у войны не бывает счастливого конца. История моей семьи доказывает обратное. Это рассказ не о Дне победы, не о встречах с сослуживцами в мирное время, не о забытом страхе умереть от пули врага. Она о лучших людях – моих родителях. Лучшими их сделала война. Посвящается ветерану Великой Отечественной войны Алмату Ермаганбетову и ветерану тыла, матери-героини Саре Сагинтайкызы.**

# Лучшие люди – в моей семье

## История не по книжке: меня прозвали Алешей

...«Морозное утро января. 1943 год. В моем родном селе почти не осталось мужчин. Всех забрала война. Как и моего брата Самурата. Пока плохих вестей не было… От аула Жангелди до райцентра Хромтауского района ехать не долго. Перед глазами прощальный разговор с матерью. И вот я у порога военкома. Подготовительные курсы в Оренбурге и Уфе. Уже наступила осень. На фронт меня отправили в звании сержанта в ряды разведгруппы. Назначили командиром отделения. Нас было 12 человек. Башкиры, татары, казахи, русские. Меня прозвали Алешей…

Начинали в составе 4-го украинского фронта. А дальше Львов, города Польши, Харьков, Освенцим… Мы прочесывали территории, где через несколько дней начнутся кровопролитные бои. Выжидали сутками, иногда без единого движения лежали на холодной земле, или в болоте. Наша цель была узнать, сколько фашистов встретят на своем пути «наши», какая техника у них есть. Любая информация была дорога. Нужно было разгромить врага. Встречался ли я лицом к лицу с фашистами? Помню, нам удалось захватить маленькую группу. Отправили их в плен. И снова в засаду. Меня ранили. И не раз. Состав моего отделения менялся часто. Сослуживцы погибали от пуль и взрыва мин. В марте 44-го тех кто остался, переправили в Прибалтику. В составе 273-го мотострелкового полка я освобождал города Литвы, Латвии и Эстонии. Освободили Кёнигсберг, дошли до Гамбурга. Там и встретили День Победы. Помню, было холодно и сыро. Вокруг все говорили – мы победили! Но для нас служба еще не закончилась»….

Эту историю папа рассказывал нам не часто. Все из-за потерь, разрушенных ожиданий. Если б не война, он, как и его отец, стал бы учителем. Даже успел корочку получить. Моего деда в 1937 году репрессировали, за то, что учил детей, имел дома библиотеку. Бабушка и трое ее сыновей после расстрела кормильца начали заниматься мелким животноводством. В 41-м на фронт забрали старшего дядю Самурата, потом моего отца Алмата, повестка пришла и к дяде Баймурату. Вернулся лишь папа. И то спустя 4 года после Победы. Такие были правила. После войны тоже надо было служить. На строевую отводили по 2-3 часа в день. А дальше восстанавливали разрушенные города, строили дома. О потере братьев папа узнал лишь в 1949-м. Похоронки домой пришли из Ленинграда и Чехословакии.

## Ждала с фронта мужа, которого никогда не видела

…«Я вторая дочь в семье. Война обошла нас стороной. Братья по возрасту не подходили к призыву. С сес-трой и мамой мы трудились в тылу. Было тяжело, бывало неделями не ели. Люди умирали от болезней, от голода. В 15 лет я стала дояркой. На образование даже не надеялась. Это был 43-й год, разгар войны. О замужестве тоже не думала. Да и не за кого. Главное было пережить эти суровые дни.

Спустя два года, уже после Победы, к нам в дом пришли свататься. Знакомая соседки ждала с войны сына, единственного выжившего из троих. Родители дали добро. А он все не ехал. Я ждала с фронта мужа, которого никогда не видела. Целых 4 года. И вот в сентябре 1949 года Алмат приехал. Его грудь была осыпана медалями. Он забрал меня к себе в колхоз. Так и началась наша долгая семейная жизнь»…

Родители прожили бок о бок целых 69 лет. Воспитали 10 детей, 28 внуков и 22 правнука. Мы росли в окружении любви и доброты. Пройдя все тяготы войны, родители никогда не ругались. Папа после женитьбы отучился на счетовода. Четверть века он проработал главным бухгалтером в селе Джангельдина (ныне с.Кзылсу) Хромтауского района. За отличные показатели его назначили главным бухгалтером крупного в то время колхоза Жданова. Там прошли ещё 25 лет. Даже после выхода на пенсию, отпускать его не хотели. Будучи на заслуженном отдыхе, папа ещё 5 лет проработал. Мама никогда не сидела без дела. Помимо ухода за нами, она подрабатывала в пекарне и на почте. В юбилейный 50-й год их совместной жизни, мы переехали в город, в Актобе. Все дети получили высшее образование, нашли свое место. Мы работаем в разных сферах. Есть среди нас педагоги, врачи, строители, госслужащие, полицейские, экономисты. Жизнь раскидала всех по городам. Но есть у нас традиция – собираться 9 мая в нашем отчем доме, за большим дастарханом.

В этом году День победы мы встретили без мамы…

## Война со счастливым концом…

Мой отец доказал, что он сын не врага народа. Ценою жизни он и его братья защищали тех, кто ставил такое клеймо миллионам семей, расстреливал тысячи безвинных людей. Он защищал Родину с доблестью.

Моя мама тоже героиня. В тяжелые годы она смогла поддержать супруга, с которым ее свела война. Воспитала 10 детей, показав на собственном примере, какой должна быть идеальная мать и жена.

Такая она для нас, война со счастливым концом… Такие они – лучшие люди моей семьи.

**Болат Ермаганбетов**
**записала Айерке Султанбекова**
**Из международной энциклопедии «Лучшие люди»**



## ☑ Қасиетті Рамазан айы ☑ Священный месяц Рамадан ☑ Holy month of Ramadan



Исламның бес парызының бірі – ораза. Әрбір мұсылман жыл құсындай айналып келетін оразаны ерекше күтіп, қастерлейді. Араларында кәмелетке толмаған балалар да аз емес. Бұл ретте дәрігерлер мен имамдар пікірі екіге жарылады. Дәрігерлер толық жетілмеген бала организміне ұзақ уақыт аш жүру – зиян десе, имамдар керісінше адамның ас қорыту, қан айналымы жүйесіне ораза тұтудың тигізер пайдасы зор екенін айтады.

Ақтөбе қаласындағы «Экономика және құқық» колледжіндегі оқуын тамамдағалы жүрген 17 жасар Сымбат Сражадин оразаны 11 жасынан тұтынып келеді. «Рамазан айында Алланың рақымы үшін ораза ұстау – парыз. Мен оны балиғат жасымнан ұстанамын. Сондықтан ерте ұстандым деп айта алмаймын. Денсаулығыма зияны болған жоқ. Әрине бірінші жылдары шөлдеп, қиналдым. Отбасым түгел ислам дінін ұстанатын болғасын, менің де мұсылмандық жолға түсуім орынды. Мен тек ораза ұстаумен шектелген жоқпын, жастайымнан намаз оқуды үйрену, жалпы ислам діні туралы білімімді жетілдіру үшін «Нұрғасыр» мешітіндегі дәрістерге қатыстым.

# БАЛАЛАРДЫҢ ОРАЗА ТҰТУЫ ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ МА?

Менің мұсылманша киініп, басыма орамал тағуыма қоршаған орта үркіп, дұрыс қабылдамаған уақыт артта қалды. Сол кездегі жаныма батқан қиындықтарға көніп, мойымадым. Хиджаб кию маған ұнайды, ыңғайлы киім. Дінді толық ұстануға адамдарға оқу не жұмыс кедергі деп санамаймын. Қаза болар намазды бір тыныш жерге барып, отырып та оқуға болады. Тек барынша тырысу керек. Дінді түрлі сылтау іздемей, жеңіл қабылдаса жақсы. Дін хақында білім-ілімді мешітке барып, тікелей ұстаздан алған жөн.

Енді ораза жайында қосарым, ауыз бекітерде майлы, тұзды, қышқыл тамақ жемеу керек, оның орнына құнарлы салаттарды қолданамын. Сәреде пісірілген жұмыртқа жеп те күні бойғы ашығуды жеңілдетуге болады. Сосын ораза кезінде шекілдеуік (семечка) шақпау керек. Ол майлы тұқым. Жастар көп әуестенетін болғасын арнайы айтып жатырмын. Ең бастысы – ниет. Істер амал – ниетке байланысты. Кейбір құрбыларым артық салмақтан арылу үшін ораза ұстауға қызығады. Ол да ниет, денсаулығын түзету үшін. Алла бұл ниетті де қабылдайды, әр адам ниетіне қарай сауабын алады. Дегенмен, оразаны мұсылмандық парызға сай тұтынған абзал ғой. Колледжден алған мамандығыма сай ағылшын тілін тереңдете игеру үшін оқуымды Жұбанов университетінде жалғастыруға талаптанып жүрмін. Негізі теологияны меңгерсем деймін. Қажылық сапарға барып келіп, мешітте ұстаз болу — арманым. Әке-шешеден айырылған жетім балалар тағдыры жүрегімді ауыртады. Оларды тұрмыс құрғанда асырап алып, тәрбие берсем деген де ой мазалайды..

Баршаңызға отыз күн оразадағы әр ниетіңіздің шапағатын көріңіз деген тілектемін».

«Биылғы ораза уақыты 18 сағатқа дейін созылады. Ауа-райы да қолайсыз, 32-33 градус ыстық болып тұр. Соншама уақыт ас-сусыз жүру бала организміне өте зиян, — дейді Ақтөбе облыстық балалар ауруханасының 41 жыл еңбек тәжірибесі бар, жоғары категориялы педиатр-дәрігері Сердалы Қарақұлов. – Балалардың ораза ұстауы соңғы 10-15 жылда белең ала бастады. Көбіне ынталандыратын олардың әке-шешелері. «Менің балаларым мен кішкентай немерелеріме дейін ораза ұстап жүр» деп жиын-тойларда мақтанатындары да бар. Көріп жүргеніміздей, дін жолындамыз деп кейбір адамдар балаларын ораза ұстауға бағыттап немесе ораза ұстаған баланы мақтап, қолпаштап, басқаларға үлгі ретінде көрсетеді. Әлі де болса психикасы түгел орнықпаған бала сол мадақтауға масаттанып, ораза ұстайды. Баланың денсаулығы ораза ұстауға жарай ма, жоқ па, онда ата-ананың ешқандай шаруасы жоқ. Олар өсіп келе жатқан организмге коректік заттардың үздіксіз керек екенін және сұйықтықтың, судың өте қажет екенін түсінбейді-ау деймін. Өздеріңізге белгілі балалар күні бойы қозғалыста жүреді, ойнайды, мектепке барады, ал ересектер ораза кезінде көп уақытын көлеңкеде, салқын бөлмеде өткізеді. Сондықтан балаларға оразаны 18 жасқа толғаннан кейін ұстауға кеңес беремін».

Балалардың ораза тұтынуы – имандылықтың бастауы деген пікірді Ақтөбе қалалық «Досжан хазірет» мешітінің бас имамы Азат Аймағамбетов де қолдайды. «Баланың ораза ұстауы шариғатта айтылғандай балиғат жасына жеткен әр ер бала мен қыз балаға парыз саналады. Балиғат жасына толу мерзімі әртүрлі. Ер балада 13-15 жас аралығы болуы мүмкін, қыз бала балиғат жасына ертерек жетеді, 9 жастан басталады. Осылайша балалар организмінің даму-жетілуі сатыларына орай балиғат жасына толады. Бала ораза ұстауды өзінің мұсылмандық парызын тұла-бойымен, сана-сезімімен сезінгенде де бастауға болады, әрине балиғат жасына жеткендер ғана. Кейде ата-анасына, бауырларына еліктеп, ораза ұстағысы келетін 5-6 жасар балалар да бар. Олардың да ниетін қайтармау керек. Бәлкім 1 сағат ұстар, жарты күн ұстар, шариғат оған қарсы емес. Ораза ұстауда ешқашан кешігу жоқ. Кейде балиғат жасына келсе де, имандылыққа 20-30 жас аралығында бет бұрушылар да бар. Менің өзім де оразаны 19 жасымнан бері ұстай бастадым. Маған жеңіл болды. Өйткені үй-ішімізбен бірге тұтынатынбыз. Отбасында бір адам ғана ораза ұстайтын жағдайлар аз емес. Оған қиындау. Дегенмен, қиын деп Алланың бұйрығын орындамауға болмайды. Керісінше Алладан жеңілдік сұрау керек. Алла тағала адам баласына ауыр жүк жүктемейді, шамасы келетін істі парыздайды. Бұл жөнінде Құран Кәрімде, «Бақара» сүресінің 183-аятында: «Уа, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғы үмметтерге ораза парыз етілгендей, сендерге де парыз етілді. Бәлкім сақтанарсыңдар. Санаулы күндерде», – деп жазылған.

Баланың ораза ұстауына байланысты дәрігерлердің қарсы пікіріне дауласып, таласып жатудың қажеті жоқ. Дәрігерлер Гиппократ антына берік келеді. Медициналық көрсеткіштер бойынша дәрігерлер қазақтың кейбір салт-дәстүрін де қолдамай жатады. Бесікке салу, сүндетке отырғызу сияқты. Олардың қызметі солай болғасын шығар. Бірақ, бір ауыз сөзбен оразаға байланысты дәрігер қарсылығы дұрыс емес деймін. Ислам діні пайда болғаннан бері 14 ғасырдан астам уақыт өтті. Ораза сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) арқылы адамзатқа бағышталған Алланың парызы».

**Гүлнара Қараша**



☑ Ақтөбе — 150 ☑ Актобе — 150 ☑ Aktobe — 150

# Ерлан АРЫН:
# ӘКЕМДІ С



**Ақтөбеге 150 жыл. Бір ғасыр, елу жылдан бері аққаламыз тоқтаусыз өніп, өсіп, көркейіп, гүлденді. Осы іске күш-жігерін арнаған нар қазақтың бірегейі – филолог-профессор, ҚР Жоғары Кеңес депутаты, 1983-1995 жж. аралығында Ақтөбе пединститутының ректоры болған , ұлтын сүйген, ұлты сүйген Мұхтар Ғалиұлы Арын. Мемлекеттік тіл мен ұлтсыздану мәселесінің шегіне жетіп тұрған кезде Ақтөбенің бағына орай, сексен үшінші жылдың жазында осында педагогикалық институтқа ректорлық қызметке келген Мұхтар Ғалиұлы ортаға рухани серпіліс берді. Оқу ордасындағы факультеттерде жаппай қазақ бөлімдері ашылды. Институт кітапханасын қазақтың ұлы перзенттерінің шығармаларымен толтырды. Осы өлкеде өткен тұлғаларды насихаттап, мұраларын жаңғыртуда аянбады. Ақтөбенің тарихи-географиялық атауын қалпына келтіруде нақты, қонымды ой-пікірін жариялап, мәселенің шешілуіне атсалысты. Арындай феномен тұлға өңірдің рухани өміріне әлі де қажет еді. Бірақ, ол арамыздан ерте кетті. Киелі тұлғаның ізбасары, оқу орнының қазіргі ректоры Бауыржан Ердембековтің ұсынысымен Ғылыми кеңестің 2019 жылғы 25 қаңтарындағы шешімімен Жұбанов университетінің бас оқу ғимаратына Мұхтар Арынның есімін беру туралы ұйғарым жасалды. Шара Ақтөбенің 150 жылдығы қарсаңында өткізіліп, ғимараттың қаптал есігінің төбесіне атаулы маңдайша бекітілді. Шараға жиналған қауым кемеңгердің қолының табы қалған есіктен кіріп, Мұхтар Арынның мәңгілік асқары жайлы әңгімелесіп, оны ықыласпен, сағынышпен, қимастықпен еске алды. Университет музейінде сақталған, ғалымнан қалған жәдігерлермен танысты. Елеулі оқиғаға орай ілтипат білдірген оның жары Райхан Бердіқожақызы және егіз ұлының сыңары, мемлекет және қоғам қайраткері, экономист-ғалым, профессор Ерлан Арынның бейне таспамен жолдаған жүрек тебірентер лебіздерін тыңдады.**

**Әке есімін қастерлеп келе жатқан Ақтөбе жұртына ризалығын білдірген Ерлан Арыннан көкейдегі бірнеше сұрағымызға жауап беруді де өтініп едік.**

**Әңгімелескен журналист Гүлнара Қараша.**

**— Әкеңіз Мұхтар Арын өмірін еліне арнады. Сондықтан отбасына, балаларына көңіл бөлуге мүмкіндігі аз болған болар...**

— Осы маңызды сұрағыңыз үшін рахмет. Әкем жоғары оқу орнының басшысы, қоғамдық белсенді тұлға және аса қамқор әке рөлін жеңіл, әрі үйлесімді атқара білді дер едім. Балаларын және жалпы айналасындағы адамдарға өнеге-тәрбие көрсетуге үнемі көп уақытын бөліп, ерекше мән беретін. «Тәрбие деген тәңір бар» деген қанатты сөзі оның осы мәселеге деген рухани көзқарасын білдіреді деп ойлаймын.

Тәрбие мәселесіне келгенде ол қарапайым жолды іздемейтін. Керісінше, өміріміздің әр түрлі кезеңдерінде тәрбилеудің көптеген әдіс-тәсілдерін қолданатын. Мысалы, бүкіл отбасымен бірігіп кітап оқу, ауылдағы туыстарға апару, күрделілігі жағынан бірнеше жеке тапсырмалар беру және ылғи бізбен коммуникативті қатынаста болу - әңгімелесу, әңгімелесу, тағы да әңгімелесу.

Ол өзі үлгі беру арқылы тәрбиеледі және біздің бойымызда өз күшімізге ғана сену қағидасын қалыптастырды.

Ең алғашқы байыпты кітаптарды маған оқуға әкем берді. Театр, музей, кітапхана есігін алғаш рет әкеммен еріп барып аштым. Дана әкем жүрегіміздегі ауылға, кіндік қан тамған туған жерімізге деген махаббатты да бойымызға дарытты. Мұның бәрін мен ешқашан ұмытпаймын.

**— Ардақты әкеден қандай естеліктер қалды?**

— Мұхтар Ғалиұлы туралы тек сүйікті әке ғана емес, тұлға және зиялы қауым өкілі ретінде сөз қозғайтын болсақ, бірінші кезекте оның қазақ халқының өнегесін және рухын жаңғыртудағы рөлін айтып кету керек.

Біз бүгінде «рухани жаңғыру» деп жүгенімізді әкем 30 жылдан астам уақыт бұрын «Бес анық» қағидалары арқылы қоғам өмірінде терең із қалдырды. Ұлт- жанды азаматтарды қалыптастыру және қолдау, көрнекті тұлғалардың ұмытылған есімдерін тірілту, қазақ тілінің қызметін кеңейту, қазақ тілді мектептерді ашқызу, ұлы жерлестерінің басына ескерткіштер орнату, көшелер, ауылдар, аудандар, ұйымдардың тарихи аттарын қайтару, аймақтық институт мәртебесін көтеру, облыстағы ғылымды дамыту және тағы басқаларына өмірінде зор мән бергенін көпшілік жақсы біледі.

Мұхаң озық қазақ интеллигенциясының бір бөлігі болып қана қойған жоқ, оның ұйытқысы болып, жаңа қоғамдық ортаның қалыптасуына бағыт берді. Осы істері әсіресе Ақтөбедегі қызметі кезінде анағұрлым айқын әрі ауқымды жүзеге асырылды. Мұхтар Ғалиұлының өмірінің бұл кезеңі облыс үшін өзіндік рухани ұлттық ренессанс заманы болды деп айта аламын.

**— Әкеңізді сағынғанда қандай күй кешесіз? Қолға алып, сипап, алақанының жылуын сезетіндей дүниесін сақтайсыз ба?**

— Ол ортамыздан кеткелі міне ширек ғасыр толады. Және жыл өткен сайын әкемнің біз үшін маңыздылығы арта түсуде. Күнделік мен оның қолжазбаларын, кітаптардың шетіндегі жазбаларын парақтаймын. Оның қоңыр дауысын, асықпай баппен сөйлегенін, талқыланатын тақырыптардағы интонациясын әлі күнге дейін сезінемін. Әкемді қатты сағынып кеткенде оның қысқы бас киімін, күзгі күртесі мен қолғабын киіп аламын...





# САҒЫНҒАНДА...

Иә, ол қазақ халқының рухани құндылықтарын біліп қана қоймай, қорғаушысы мен тасымалдаушысы болды. Ол осы құндылықтармен өмір сүріп, сол уақыттағы әбден орыстанған жағдайда, ағартушы және ұлт ұстазы ретінде таратуға тырысты.

Сағынған кезімде, әкемнің сүйген әндерін, өлеңдерін тыңдап, оқып отырамын. Ол кісі халықтың фольклорлық және мәдени мұрасының көптеген туындыларын жатқа білетін. Абай Құнанбайұлының шығармашылығын айрықша жақсы көретін. Сағаттап халық әндерін тыңдайтын. Көбіне «Екі жирен», «Гаухартас», «Жиырма бес», «Сары бидай», «Қараторғай» әндерін айтып отыратын. Ол классикалық европалық және қазақ опера өнерін аса жоғары бағалап, Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, сал-серілердің шығармашылығына, Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Қазанғаптың күйлеріне сүйсінетін. Шекспир, Гете, Гейне, Шиллер, Брехтті түпнұсқада оқығанды жақсы көретін.

**— Ақтөбе халқының көңілінде Мұхтар Арын феномені мәңгілік сақталып қалды. Ол осындағы 12 жыл қызметінде өзі ректор болған педагогикалық институт мәртебесін жоғарылатуға ғана күш-жігерін салған жоқ, өлкенің тарихы, мәдениеті салаларының дамуына зор үлес қосты. Сіз ол кезде лауазымды қызметтерде жүрдіңіз. Әке идеяларына қолғабысыңыз болды ма?**

— Әкеміз дүниеден өткенде (1995 жылдың қыркүйек айында) бауырым Нұрлан екеуміз 34 жасқа келіп қалғанбыз. Біз екеуміз де бұл уақытта өз ортамызда танымал мамандар ретінде қалыптасып, докторлық диссертациямызды қорғап, жетекші ғалымдар ретінде ғылыми мойындауға ие болғанбыз. Біз топ-менеджерлер, басқарушылар ретінде сол кезде ғана қалыптасып келе жатқанбыз. Бұл Сіздің сұрағыңыздың бірінші бөлігіне қатысты.

Ал егіз сыңарым екеуміз әкеміздің идеяларына ықпал етуімізге келер болсақ – сол кезде мүмкін емес еді, тіпті қазір де мүмкін емес деп айта аламын. Әкеммен бірге жұмыс істеп, жақсы араласқан адамдардың бәрі оның білімі жоғары, энциклопедиялық дәрежеде болғанын және бейнелі түрде айтсақ, оның идеяларға толы портфелі болғанын жақсы біледі. Бұл оның әсіресе Ақтөбедегі қызметінде қажетіне жарады. Қысқаша айтар болсақ – біз, оның балалары, әкемізге ақыл айтып немесе көмектесетіндей деңгейге жеткен жоқпыз.

**— Мұхтар Ғалиұлы Арынның тіл, дін, дәстүр, тарих және атамекен мәселелеріне барынша құрметпен қарап, оларды жан-тәнімен сүюге шақырған «Бес анық» тәрбие толғамдары ұлы ретінде өмірдегі шамшырағыңыздың бірі болар?**

— Әрине, біз ол кітапты қолымыздан тастамаймыз. Бұл біздің өміріміздің негізін құрайтын ерекше рухани өсиет. Осы жағдайды пайдалана отырып, «Бес анық» кітабының еліміздегі барлық дерлік мектеп-лицейлердің оқу үдерісіне енгізілгенін айтқым келеді. Ғалымдардың бастамасы бойынша ол орыс тіліне аударылды, ал қазір оны түрік және неміс тілдеріне аудару жұмыстары аяқталып қалды. Жеке өз басым үшін әкемнің бұл еңбегі менің университет ректоры болған кезімде өзіндік жол картасы қызметін атқарды. Бір аса құрметті ақсақал «Бес анық» кітабын оқып, Павлодар облысында қоғамды рухани жаңғырту бойынша не істеу керектігін менің қайдан білгенімді енді түсінгенін айтқаны бар, бұл әкеме берілген жоғары баға деп қабылдадым. Мен еліміздің бірқатар мәдени бағдарламаларын қалыптастыруға қатыстым. Жасыратыны жоқ, оларда әкемнің «Бес анық» кітабында айқын көрсетілген идеологиялық көзқарастары орын алды. Бұл туралы өз ойларымды әкем жайлы «Әке рухымен сырласу» атты кітабымда жарыққа шығаруды жоспарлап отырмын.

**— Әке еске түскенде не қуантып, не өкіндіреді?**

— Мен тарихи тұлғаның ұлы екенімді, халық арасында әкемнің есімі әлі де құрметтелетінін, ол әке ретінде, білім мен ғылымның ірі ұйымдастырушысы ретінде, ағартушы және ғалым ретінде, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде кемелденгенін мақтан тұтамын. «Жақсы әке баласына рухани азық» дейді ғой. Оның осы күнге жетпегені, өмірден ерте озғаны, немерелерінің көбісі атасын көре алмағаны, халқына, Ақтөбеге одан да артық пайда келтіре алмағаны өкініш тудырады.





**Фотосуреттер Е.Арынның жеке мұрағатынан алынды.**

# ☑ Айдың айшықты жаңалықтары ☑ Главные новости месяца

## БЕС МЕКТЕП ТҮЛЕГІ УНИВЕРСИТЕТТЕ ТЕГІН ОҚЫМАҚ

Жұбанов университетінің ректоры Бауыржан Ердембеков биылғы 5 мектеп бітірушісін тегін оқытпақ. Бұл сұрақ ЖОО ғылыми кеңесінде қаралып, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға грант бөлу жөнінде шешім қабылданған болатын. Грант иегерлері Ақтөбе қаласындағы №8, 14 ,16, 18 және Новый орта мектебінің түлектері арасынан іріктелді. Олар университеттегі ұнаған мамандықтарын таңдай алады.

## ПЯТЬ ВЫПУСКНИКОВ ШКОЛ БУДУТ ОБУЧАТЬСЯ В УНИВЕСИТЕТЕ БЕСПЛАТНО

Ректор университета Жубанова Бауыржан Ердембеков выпускников пяти школ города намерен



обучить бесплатно. Этот вопрос был рассмотрен в ходе очередного заседания Научного совета ВУЗа, где решено выделить гранты детям оставшимся без попечения родителей. В итоге, такое право получили учащиеся школ 8,14,16,18 и Новой средней школы. Счастливчикам также дана возможность выбрать понравившуюся им специальность.

## FIVE SCHOOL GRADUATES WILL STUDY AT THE UNIVERSITY FOR FREE

The rector of Zhubanov University Bauyrzhan Yerdembekov is going to give an opportunity for five school graduates for free education. This question was considered during the meeting of the Scientific Council of the University, where it was decided to give the grants to children left without parental care. As a result, students of schools number 8, 14, 16, 18 and Noviy secondary school will study for free. The lucky ones are also given the chance to choose the specialty they like.

## УНИВЕРСИТЕТ ТҮЛЕГІНІҢ ӘТІРСУ ЖЕЛІСІ

Болашақ химик, Жұбанов университетінің биылғы түлегі Қамажай Қалиева жеке әтірсу желісін құрмақ. Ол жақында 4 түрлі әтірсу жасап шықты. Қамажайдың әтірсулары әзірге қыз-келіншектерге арналған. Ерлер әтірсуларына қалада оған сәйкес эфир майларын табу қиын. Сондықтан студенттің ойлап тапқан әтірсуларын әйелдер пайдалана алады. Қамажайға хош иістер қатты ұнайды. Оған әсіресе жаңбырдан кейінгі жер исі, жапырақ исі шабыт береді. Әтірсу дайындауға уақыт көп кетеді. Сондықтан Қамажай сүйікті ісімен сабақтан тыс айналысты. Университет қабырғасындағы алғашқы екі курста химиялық реакциялар жасап үйренді. Эфир майларын өзі ойластыратын болды. Ынта-жігері мен еңбекқорлығының нәтижесінде жас порфюмердің тұңғыш туындылары «Тәтті көктем» және «Таңғажайып төрттік» атты композициялар дайын болды. Енді ол жеке әтірсу желісін шығарғысы келеді.

## ПАРФЮМЕРНАЯ ЛИНИЯ ВЫПУСКНИЦЫ УНИВЕРСИТЕТА

Будущий химик, студентка выпускного курса университета Жубанова Камажай Калиева намерена создать свою парфюмерную линию. Недавно она создала 4 вида духов, пока только для женщин. Сложность создания запахов для сильного пола в отсутствии соответствующих эфирных масел на актюбинских прилавках, признается Камажай. Самой девушке очень нравятся парфюмерные изделия. Особенно с древесными, земляными и листовыми нотками. Создавать ароматы - дело непростое, требует много времени. Потому студентка занимается любимым делом после занятий в университете. На первых двух курсах Камажай научилась проводить химические реакции и создавать эфирные масла. Благодаря своим стараниям она уже представила публике 2 композиции - «Сладкая весна» и «Фантасиическая четверка». Теперь она хочет выпустить собственную линейку духов.

## PERFUME LINE OF UNIVERSITY'S GRADUATE

The future chemist, a graduate student of Zhubanov University, Kamajay Kaliyeva intends to create her own perfume line. She recently created 4 types of perfume, only for women. The difficulty of creating smells for the men in the absence of the corresponding essential oils on the Aktobe shelves, admits Kamajay. The girl likes perfumery very much. Especially with woody, earthy and leafy notes. Creating fragrances is not easy, it takes a lot of time. Because the student is engaged in a favorite thing after



classes at the university. In the first two courses, Kamajay learned how to conduct chemical reactions and create essential oils. Thanks to her efforts, she has already presented to the public 2 compositions - "Sweet Spring" and "Fantastic Four". Now she wants to release her own line of perfumes.



## ОТБАСЫ КҮНІ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ

15-мамыр халықаралық отбасы күні Қазақстанда жалпыхалықтық ата-аналар жиналысы өтті. Бұл жөнінде арнайы хабарлаған ҚР Білім және ғылым министрі Күләш Шамшидинова иги шараның әр отбасына берер жақсылығы мол деп есептейді. Сондықтан ол жалпыхалықтық жиналысқа қатысу үшін жұмыс берушілерден ата-аналарды бұл күні ертерек босатуын өтінді. Республикада бір мезгілде өткен жиналыста ағымдағы оқу жылы қорытындыланып, алда көзделген жоспарлар талқыланды.

## В ДЕНЬ СЕМЬИ ПРОШЛО ОБЩЕНАРОДНОЕ РОДИТЕЛЬСКОЕ СОБРАНИЕ

15 мая в международный День семьи прошло общенародное родительское собрание. Сообщившая об этом министр образования и науки РК Куляш Шамшидинова, отметила важность мероприятия для каждой ячейки общества. В связи с чем министр попросила работодателей освободить родителей пораньше. На собрании обсудили итоги учебного года и планы на будущее.

## NATIONWIDE PARENT MEETING ON THE FAMILY DAY

On May 15, the international family meeting was held on the International Family Day. The Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan Kulash Shamshidinova, noted the importance of the event for each cell of society. In this connection, the minister asked employers to free their parents early. The meeting discussed the results of the school year and plans for the future.

## ☑ Top news of the month



### ЕЛБАСЫ ҚЫЗЫЛ АЛАҢДАҒЫ ӘСКЕРИ ПАРАДҚА ҚАТЫСТЫ

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеудегі әскери парадқа қатысты. Елбасын Ресей Президенті Владимир Путин құрметті қонақ ретінде мерекелік шараға арнайы шақырды. Н.Назарбаев В.Путин бастаған ресми өкілдермен бірге Екінші дүниежүзілік соғыстың көзі тірі куәгерлерімен амандасып, қошемет білдірген соң, 100-деген әскери техника және 1000-даған сарбаз қатысқан кең ауқымды парадты тамашалады.

### ЕЛБАСЫ ПРИНЯЛ УЧАСТИЕ В ВОЕННОМ ПАРАДЕ НА КРАСНОЙ ПЛОЩАДИ

Первый Президент страны Нурсултан Назарбаев принял учатие в военном Параде в Москве. Специальное приглашение в качестве почетного гостя мероприятия Елбасы поступило от Президента РФ Владимира Путина. Н.Назарбаев вместе с делегацией во главе с В.Путином поприветствовали ныне здравствующих участников Второй Мировой войны. После чего стали свидетелями Парада, в котором приняли участие тысячи военнослужащих и курсантов военных училищ, более 100 единиц военной техники.

### ELBASY TOOK PART IN THE MILITARY PARADE ON RED SQUARE

The first President of the country Nursultan Nazarbayev took part in the Military Parade in Moscow. A special invitation as the guest of honor at the Elbasy event was received from Russian President Vladimir Putin. N. Nazarbayev, together with the delegation led by V.Putin, greeted the surviving participants of the Second World War. Then they witnessed the Parade, in which thousands of military personnel and cadets of military schools, more than 100 pieces of military equipment took part.




### СТУДЕНТТІК СПОРТ ЖӘЙІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Студенттік спортты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің заманауи проблемалары» тақырыбында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы Жұбанов университетінде өткізілді. Шарада көтерілген мәселе төңірегінде қазақстандық ғалымдар Ресей және Беларусь елдеріндегі әріптестерімен пікір алмасты. Студенттік спорт түрлерін дамытуды оңтайландыруда ғылыми-әдістемелік еңбектердің ролі зор. Өйткені бұл еңбектер өзара тәжірибе алмасуға ықпал етеді. Бірлесіп зерттеуге болатын бағыттарды айқындайды. 200-ге жуық спорт саласының мамандары қатысқан жиында әсіресе жаңа инновациялық тәсілдерге назар аудару қажеттігі тағы мәрте нақтыланды.

### ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ СТУДЕНЧЕСКОГО СПОРТА

«Современные проблемы научно-методического обеспечения студенческого спорта». На такую тему в университете Жубанова прошла международная научно-практическая



конференция. В ходе диалоговой площадки казахстанские ученые обменялись мнениями с коллегами из России и Беларуси. В развитии студенческого спорта важна научно-методические труды, так как они способствуют обмену опытом. Были определены направления для совместных исследований. В мероприятии, где приняли участие более 200-т специалистов спортивной сферы ещё раз подчеркнули о необходимости использования инновационных технологий.

### THE ISSUES OF STUDENT SPORTS WERE DISCUSSED

An international scientific-practical conference on the topic «The modern problems of scientific and methodological support of student sports» was held at Zhubanov University. During the dialogue platform, Kazakhstani scientists exchanged views with colleagues from Russia and Belarus. In the development of student sports is important scientific and metric works, as they contribute to the exchange of experience. Directions for joint research were identified. In the event, where more than 200 sports professionals took part, they once again emphasized the need to use innovative technologies.

## ☑ Айдың айшықты жаңалықтары ☑ Главные новости месяца



### ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА — 2019 АШЫЛДЫ

Еліміздегі 50-ден астам жоғары оқу орындарынан 2500 студент-спортшылар қатысатын Жазғы Универсиада-2019 шарасының ашылу салтанаты Ақтөбенің «Мұз айдыны» кешенінде өткізілді. Мұндай ауқымдағы спорттық шара қаламызда алғаш өтуде. Спорттың 14 түрінен (бадминтон, баскетбол, еркін күрес, грек-рим күресі, бильярд, бокс, волейбол, гандбол, дзюдо, каратэ-до, қазақ күресі, кикбоксинг, жеңіл атлектика, жүзу) жарыстарға Жұбанов университетінің студент-спортшылары да белсене қатысуда.

### СОСТОЯЛОСЬ ОТКРЫТИЕ ЛЕТНЕЙ УНИВЕРСИАДЫ — 2019

Церемония Открытия летней Универсиады-2019 состоялось на «Ледовой арене» Актобе. В этом году в соревнованиях принимают участие 2500 студентов из более чем 50 ВУЗов страны. Такое масштабное спортивное событие проходит у нас впервые. В 14 видах спорта состязаются и студенты университета Жубанова. Это бадминтон, баскетбол, вольная борьба, греко-римская борьба, бильярд, бокс, волейбол, гандбол, дзюдо, каратэ-до, қазақ ша күрес, кикбоксинг, легкая атлетика, плавание.

### OPENING OF THE SUMMER UNIVERSIADE — 2019

The Opening Ceremony of the Summer Universiade 2019 was held at the «Ice Arena» in Aktobe city. This year, 2500 students from more than 50 universities of the country take part in the competition. Such a large-scale sporting event takes place here for the first time. Students of Zhubanov University compete in 14 sports. These are badminton, basketball, freestyle wrestling, Greco-Roman wrestling, billiards, boxing, volleyball, handball, judo, karate-do, Kazakh wrestling, kickboxing, light athletics, swimming.



### ЕЛІМІЗДІҢ ЖЕЛАЯҚТАРЫ АҚТӨБЕДЕГІ МАРАФОНҒА ҚАТЫСТЫ

Жеңіл атлетикадан «AQTÓBE RUN - 2019» ашық республикалық марафоны Жастар жылы мен Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойына арналды. Оған басқа аймақ желаяқтары мен мүмкіндігі шектеулі спортшылар да қатысты. 500-ге жуық марафонға қатысушылар қаланың орталық көшелерін бойлап, 5 және 10 шақырым бойынша жүгіріп өтті. Марафон межесін ақтөбелік жүйріктер, №21 мектеп-гимназияның дене шынықтыру пәні мұғалімі Манас Жаңабергенов пен Жұбанов университетінің «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 1 курс студенті Аида Бақытқалиева бірінші болып кесті. Шараға Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин қатысып, баршаны салауатты өмір салтын насихаттау беруге шақырды.

### ЛУЧШИЕ БЕГУНЫ СТРАНЫ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В МАРАФОНЕ В АКТОБЕ

Республиканский открытый марафон по легкой атлетике «AQTÓBE RUN - 2019» приурочили к Году молодежи и 150-летию города Актобе. В нем приняли учатие бегуны из других регионов и спортсмены с ограниченными возможностями. Более 500 участников марафона пробежали по центральным улицам города на расстояния в 5 и 10 км. Первыми к финишу пришли актюбинские атлеты - учитель физкультуры СШГ №21 Манас Жанабергенов и студентка 1 курса специальности «Государственное и местное управление» университета Жубанов Аида Бакыткалиева. В мероприятии принял участие аким Актюбинской области Ондасын Уразалин, призвав собравшихся к здоровому образу жизни.

### THE BEST RUNNERS OF THE COUNTRY TOOK PART IN THE AKTOBE MARATHON

Republican open-air marathon AQTÓBE RUN - 2019 was dedicated to the Year of Youth and the 150th anniversary of the city of Aktobe. It was attended by runners from other regions and athletes with disabilities. More than 500 participants of the marathon ran through the central streets of the city at a distance of 5 and 10 km. The first to the finish line came Aktobe athletes - the teacher of PE of the Secondary School №21 Manas Zhanabergenov and the 1st year student of the specialty «State and local management» of Zhubanov University Aida Bakytkaliyeva. The event was attended by Akim of Aktobe oblast Ondasyn Urazalin, who urged the participants to a healthy lifestyle.

# ☑ Top news of the month

## ЕЛБАСЫ ТУРАЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ҮЗДІК ЖАРИЯЛАНЫМ

Жұбанов университетінің тарих факультетінде оқитын Әсем Альбекова Елбасы туралы инстаграм парақшасындағы жарияланымы үшін марапатталды. Елбасы кітапханасы өткізген байқауда Әсемнің толғауы ең үздік деп бағаланды. «1-ші класта «Әліппемен» қоштасу шарасында бізге Тұңғыш Президенттің портреті мен тілегі жазылған ашықхаттар табысталды. Мен ашықхаттарды Нұрсұлтан Назарбаев жіберді деп ойладым. Сол кезден бастап Елбасымен кездесу арманыма айналды. Жақында бір топ жастармен бірге Елбасы кітапханасы ұйымдастырған семинарға қатысып келдім. Кітапхана ғимараты ерекше сәулетімен алыстан көз тартады. Сол ғимараттың 8-ші қабатында Елбасы жұмыс істейді дегенде жүрегім аузыма тығылып, балкон жаққа қарай бердім. Елімізді экономикалық тоқырау заманынан аман алып шығып, әлемге танытқан жанмен жүздесіп, қол алысып, рақмет айтқым келді.. Еліміздің астанасына сапарымыз өте мазмұнды өтті. Кітапхана директоры, профессор Амерхан Рахымжановтың лекциясын тыңдадық, мемлекеттің іргесін нығайтуда президенттік институттың факторлық ролі жайында дөңгелек үстел жұмысына атсалыстық, «Астана жастары» еріктілер қозғалысының жетекшісі Эльвира Есмұхановамен кездесіп, қажетті мағлұматтар алдық», - дейді студент екі күндік семинардан алған әсерлерімен бөлісіп. Әсемнің басты арманы орындалмаса да, Елбасы кітапханасы сыйлаған «Менің Президентім» кәде-басылымы жас қыздың алдағы өміріне рухани азық болары сөзсіз.




## ЛУЧШИЙ ПОСТ О ЕЛБАСЫ В СОЦИАЛЬНОЙ СЕТИ

Студентка исторического факультета университета Жубанова Асем Альбекова награждена за пост в инстаграм о Елбасы. В конкурсе, организованном библиотекой Елбасы, публикацию девушки определили лучшей.

«В первом классе, когда у нас было прощание с букварём, нам подарили открытки с портретом Елбасы, поздравления и пожелания от Президента. И знаете, тогда ведь я была ребёнком, и я действительно поверила что эту самую открытку, действительно отправил нам наш Елбасы. И тогда, моей мечтой стало приехать и посетить то место, где трудится наш Елбасы. И мне просто не верилось, когда нам сказали что Нурсултан Назарбаев в данный момент тоже в этом центре, на 8 этаже. Мы просто стояли, смотрели на балкон 8-го этажа и надеялись. Надеялись на то, что вот вот выглянет тот самый человек, который поднял Нашу страну. Тот человек, которому хочется сказать «Спасибо!», и пожать крепко ему руку.... За два дня интенсивной программы мы получили информацию о главных стратегических документах страны. Слушателям выдалась возможность послушать лекцию директора Библиотеки Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, доктора политических наук, профессора Амерхана Рахимжанова и поучаствовать в работе круглого стола «Институт президентства как фактор укрепления государственности» вместе с известными историками и политологами. После окончания лекций и тренингов для слушателей была организована встреча с руководителем отдела по развитию волонтерского движения КГУ «Астана жастары» Эльвирой Есмухановой», - написала студентка, поделившись своими впечатлениями после двухдневного семинара. Конечно, главная мечта Асем не сбылась. Но победа в конкурсе и подаренный за нее труд «Мой Президент» станет хорошим началом для духовного обогащения.

## THE BEST POST ABOUT ELBASY IN THE SOCIAL NETWORK

Student of the History Faculty of Zhubanov University Asem Albekova was awarded for the post in instagram about Elbasy. In the competition organized by the library of Elbasy, the publication of the girl was identified as the best.

"In the first class, when we had a farewell to the first alphabet book, we were presented with cards with a portrait of Elbasy, and congratulations and wishes from the President. And you know, then because I was a child, I believed that this card was really sent us by Elbasy. And then, my dream was to come and visit the place where our Elbasy works. And I just could not believe it when we were told that Nursultan Nazarbayev, at the moment, is also in this center, on the 8th floor. We just stood, looked at the balcony of the 8th floor and hoped. They hoped that the very person who raised our country would look out. He is the person for whom I want to say "Thank you!" And shake hands with him tightly.... During the two days of the intensive program we received information about the main strategic documents of the country. Listeners were given the opportunity to



listen to the lecture of the Director of the Library of the First President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy, Doctor of Political Sciences, Professor Amerkhan Rakhimzhanov, and participate in the round table «The Presidency Institute as a Factor in Strengthening Statehood» together with famous historians and political scientists. At the end of lectures and trainings, was organized a meeting with the head of the department for the development of the volunteer movement at Astana Zhastary KSU Elvira Esmukhanova," wrote the student, sharing her impressions after a two-day seminar. Of course, the main dream of Asem did not come true. But the victory in the competition and the work "My President" donated for it will be a good start for spiritual enrichment.

**Айдың айшықты жаңалықтарын дайындаған Айерке Сұлтанбекова**
**Главные новости месяца подготовила Айерке Султанбекова**
**The main news of the month was prepared by Ayerke Sultanbekova**

# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІ МЕН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТУ САБАҚТАРЫ




**Сабақты жүргізуші: Нұрбол САДУАҚАС, филология ғылымдарының кандидаты, доцент**

## 5 – САБАҚ
## БІРГЕ ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

Сөздер біріктіріліп, тұтас тұлғалану үшін, алдымен екі сыңардың байланысына назар аудару керек. Кейде ғылымның әр саласындағы сөздердің мағынасын ұғынарда да сол сала мамандарына жүгініп, сосын ғана екі компонент бір-бірімен қандай мағыналық қатынаста тұрғанын дәл анықтауға мүмкіндік болады. Қазақ тілінде сөздерді бірге немесе бөлек жазу жолдарын арнайы зерттеген ғалым Қ.Күдеринова тіркеске түскен сөздер құрамындағы сыңарлардың тұлғасы мен мазмұнын тұлғаланудың негізі ретінде қарастырады. Кемінде екі сөзден тұрып, бір ғана зат не құбылыстың атау бірлігі болып, жұмсалу ерекшеліктеріне қарай отырып, бірігуге сұранып тұрған сөздерді екі белгісіне: тұлғасы мен мазмұнына қарай топтастырады. Құрама сөздің сыңарларының тура мағынасы мен ауыспалы мағынадағы қолданыстары арқылы оларды бірге не бөлек таңбалаудың тиімді жолдарын ғылыми тұрғыда көрсетіп берді. Мәселен, «ақ аю» сөзінің бөлек жазылып тұрған себебі «ақ» тура мағынада тұр. Ал «ақбөкен» сөзінің бірігіп жазылып тұрған себебі «ақ» өзінің тура мағынасынан алшақтап, көмескіленіп кеткен. Сөздерді бірге жазудың бірнеше түрлері бар. Екі түбірден құралған бір ғана зат пен ұғым атауы бірге жазылады: жертөле, бағдаршам, сусабын, көкөніс, шекара, бейнебаян, итжуа, алабұта, т.б.

Төмендегі қосымшалармен келген атаулар бірге жазылады

| | |
|---|---|
| Екінші сыңары -лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика | ortaazıalyq, jerjúzilik, arampıǵyldyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik; |
| -ар (-ер) қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары | aýyzashar, atqaminer, tilas-har, tusaýkeser; |
| -лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер) қосымшасымен келетін ботани-калық, зоологиялық атаулар | ashatuıaqtylar, balyqqorektiler, aǵashkemirgishter, jalańkózdiler; |
| -qysh (-кіш, -ғыш, -гіш) қосым-шасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары | tazartqysh, kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish; |
| -ты (-ті, -ды, -ді), -па (-пе, -ба, -бе, -ма, -ме), -ыс (-іс, -с), -ғы (-гі, -қы, -қ) қосымшасымен ке-летін лексикаланған тұрақты тір-кестер мен зат атаулары | sharýabasty, nemketti, súıkeısaldy, alypqashpa, baýkespe, janbaǵys, kireberis, kúnkóris, aýaqyzdyrǵy, aýasúzgi, bórioınaq. |

Екінші сыңары төмендегідей сөздермен келген атаулар бірге жазылады

| | |
|---|---|
| аралық, құмар, жанды, тану, таным, жай, хат, ақы, ішілік, сымақ | Halyqaralyq, ataqqumar, ultjandy, jaratylystaný, tiltanym, jylyjaı, ashyqhat, zeınetaqy, mekemeishilik, ákimsymaq. |
| Бірақ анықтауыштық қатынас сақталған күрделі сөздер бөлек жазылады: ashyq hat, qyzmettik hat. | |

Сөзалды сыңарларымен келген атаулар бірге жазылады

| | |
|---|---|
| Әсіре, бір, көп, жалпы, бей | ásiresolshyl, birqalypty, birmándi, kópmándi, kópmúshe, jalpyulttyq, jalpymemlekettik, beıkúná, beıhabar; |
| аван, авиа, авто, агро, анти, аэро, гидро, гипер, еуро, изо, инфра, кино, мега, мини, радио, теле, транс, ультра, фото, електр<br>avansahna, avıamektep, avtojol, agrokeshen, antıdene, aeroshana, gıdrobeket, gıperbelsendi, eýrosport, ızosyzyq, ınfraqurylym, kınoqondyrǵy, megajoba, mınıjoba, radıobaılanys, telearna, transshekara, últradybys, fotosýret, elektrsúzgi. | |

Сөзалды төмендегідей сөздермен келген есімдік, сын есім, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылады

| | |
|---|---|
| Еш, әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде | eshkim; árkim; ártúrli; keıbir; birdeńe; qaıbir; qaısybireýler; áldeqalaı. |
| Ескерту: әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде сөздері зат есімдермен тіркескенде бөлек жазылады: ár el; keı bala; bir jumys; qaı zaman; álde shyn, álde ótirik. | |

Бірінші сыңары төмендегідей сөздер тәрізді түс атауларымен келетін ботаникалық, зоологиялық терминдер бірге жазылады

| | |
|---|---|
| Ақ, қара, сары, көк, қызыл, ала, боз | aqıyq, aqshabaq, qaraqus, qaraaǵash, saryandyz, sarygúl, kókqutan, kókbasshóp, qyzylqasqyr, qyzylbıdaı, alabuǵa, alabulbul, bozbetege, boztorǵaı. |
| Үш құрамды атаулардың алдыңғы екі сыңары бірігіп жазылады<br>aqbas sıyr, sarybas jylan. | |

Лексикалық мағынасынан ажыраған төмендегідей сөздермен тіркескен атаулар бірге жазылады

| | |
|---|---|
| -қой, сиық, түйе, бота, қозы, ат, қоян, аю, бөрі, қасқыр, ит, құм, су, бал, у, сор | qoıjýsan, sıyrjońyshqa, botabúrgen, qozygúl, atqulaq, qoıansúıek, aıýbaldyrǵan, aıýbadam, bóriqaraqat, qasqyrjem, ıtbúldirgen, qumberish, sýbetege, balqaraǵaı, ýkekire, ýbıdaıyq, sorqańbaq. |
| Ескерту: ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар сөздері аң-құс, өсімдік түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: aq alabota, qara qarǵa, sur jylan, shubar baqa. | |

Екінші сыңары төмендегідей сөздермен келген атаулар бірге жазылады

| | |
|---|---|
| шөп, гүл, тікен, жапырақ, тамыр, құс, балық, құрт, жидек, жеміс, қат | emenshóp, qońyraýshóp; kúımesgúl, qaltagúl; sortiken, shaǵyrtiken; túımejapyraq, sútjapyraq; altyntamyr, beltamyr; totyqus, kókqus; taraqbalyq, qylyshbalyq; qaraqurt, bósirqurt; qyzyljıdek, ıtjıdek; tamyrjemis, torjemis; qaraqat, qyzylqat. |

Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады

| |
|---|
| aqsaqal, aqsúıek, aqnıet, aqnıettik, aqkóńil, aqkóńildilik; kóshbasshy, dúnıeqońyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpıda, janpıdalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústi, atústilik. |

Қазақ тілінде сөздерді бірге немесе бөлек жазу жолдарын үйрену барысында бірдей сөздерді неге бірге немесе бөлек жазатынымыздың себебіне ерекше назар аударған жөн. Ғалым Қ.Күдеринова сөздің бірге немесе бөлек жазылуының ерекшелігін түсіндіру барысында «аяқ» сыңарлы біріккен сөздер қатарында «саптыаяқ», «жүкаяқ», «итаяқ», «шоқаяқ», «мамаяқ», «ысқаяқ», «үшаяқ», «шотаяқ» сияқты құрал атауларын, «алаяқ», «қоңылтаяқ» сияқты ұғым атаулы сөздерді мысалға келтіреді. «Алаяқ» (адам) тіркесі тұтас идиомаланып, әрі дерексіз мән алуына байланысты бірге тұлғаланса, «жалаң аяқ» тіркесінің бөлек берілуіне оның екі сыңары да тура өз мағынасында жұмсалып, өзара синтаксистік қатынаста тұруы себепті деп көрсетеді. «Жалаң аяқ» тіркесі «кедейлену», «күні төмендеу» деген дерексіз мағынаны да береді. «Сөз» сыңарлы біріккен сөздерге «баспасөз», «жарыссөз», «келіссөз», «қарасөз» т.б. жатады. Мұнда «баспасөз» – баспадан шығарылған газет-журнал, «келіссөз» – екі жақтың өзара келісім шарты» деген ауыс мағынада тұр. Ал «алғы сөз», «соңғы сөз», «қаратпа сөз», «төл сөз», «төлеу сөз», «қос сөз», «құрама сөз», «біріккен сөз», «қысқарған сөз», «өлең сөз», «жұмбақ сөз», «шаршы сөз», «жалпақ сөз», «көркем сөз», «жел сөз» күрделі атауларының сыңарлары өзара синтаксистік қатынаста байланысып, тура мағынада тұр. Сондықтан бөлек жазылады. Осы секілді «тас» сөзінің жазылу ерекшеліктеріне де назар аударып көрейік. «Тас» сөзі өзінің тура мағынасынан ауытқып, белгілі бір заттың атын білдіріп, атауы термин болып, біріккен сөз жасап, бірге жазылады: ұлутас, теміртас, көктас, құбылтас, анартас, кеспетас, көбіктас, малатас, тақтатас, бортас, зертас, сынтас, құлпытас, тұмартас, құмтас, қойтас, жартас, шағылтас. Ал алдыңғы сыңары мен «тас» сөзі де өзінің тура мағынасында келіп, жеке айтылатын болса, «тас» сөзі бөлек жазылады: малта тас, жақпар тас, найза тас, қой тас, үңгір тас, қайрақ тас, шақпақ тас, меруерт тас, маржан тас, лағыл тас; Тағы бір мысал келтірейік, егер –лар жалғауымен тіркесіп келген екі сыңар сөздің құрамы тұрақты болмай, еркін сөз тіркесі болса, оларды бірге жаза алмаймыз: тест тапсырушылар, емтихан тапсырушылар; ақ халаттылар, көк халаттылар;

| Бөлек жазылады | Бірге жазылады |
|---|---|
| Алғы сөз, соңғы сөз, қос сөз, қызыл сөз, өкпе сөз, құр сөз, бос сөз. | Баспасөз, келіссөз, қарасөз, жарыссөз, құттықтаусөз. |
| Көк шөп, көк шыбық, көк мылжың, көк жалқау, көк ми, көк бөрі, көк желке, көк шалғын, көк жасық, көк мұз, көк байрақ. | Көкөніс, көкезу, көкбет, көкжөтел, көксоққан, көкқұтан, көкжорға, көксағыз, көксерке, көкжал. |
| Ақ аю, ақ қоян, ақ қар, ақ шаш, ақ жауын, ақ сары, ақ сүт, ақ тілеу, ақ найза, ақ құба, ақ неке. | Аққу, аққарағай, аққұтан, ақбалық, ақбидай, ақбикеш, ақниет, ақпейіл, аққөңіл, ақжүрек, ақсаусақ, |
| Ала қоржын, ала ту, ала шұбар, ала дүбір, ала таң, ала теңбіл, ала қозы, ала жіпті аттамау, ала жаздай, ала тайдай бүлдіру. | Алабөлек, алакөз, алакөлеңке, алакөңіл, алабөтен, алабұта, алабажақ, алабұға, аладомбай |
| Қара аю, қара қой, қара сабын, қара қоңыр, қара торы, қара көже, қара бұрыш, қара қазан, қара орман, қара өлең, қара күш, қара көз, қара ала, қара сирақ. | Қараағаш, қараторғай, қараниет, қарасөз, қараалма, қараөзек, қарақұрт, қаракүйе, қарабас, қарабұға, қарабет, қарақотыр, қараот, қаратабан. |
| Қызыл бұрыш, қызыл ала, қызыл асық, қызыл сөз, қызыл тіл, қызыл іңір, қызыл көз, қызыл су, қызыл қырман, қызыл орамал. | Қызылбалық, қызылмай, қызылқұйрық, қызылөңеш, қызылкеңірдек, қызылшеке, қызылшақа, қызылтамыр, қызылқанат, қызылмия, қызылтанау. |

Тапсырма: Берілген мәтінінің жазылу емлесіне назар аударып, әріпті көру, тануға және оқу шапшаңдығын арттыруға машықтанып, мәнерлеп оқыңыз:

## Asyq oıyny

Asyq oıyny – qazaq halqynyń dástúrli oıyny. Asyq oıyny kúndiz de, túnde de oınalady. Kúndizgisi – mergendikke, túngisi – eptilikke baýlıdy. Iirgende túsken qalpyna qaraı asyq – alshy, táıke, búk, shik dep, al atýǵa arnap arnaıy qorǵasyn quıylyp jasalǵany – saqa, jaqsylary –ońqa atalady. Bul óynnyń mynadaı túrleri bar: qumar, táıke, ompy, alshy, han atý, qaqpaqyl t.b. Mysaly, qumar oıynǵa eki - tórt adam qatysady. Olardyń jaqsy jonylyp, tabany qairalǵan tórt asyǵy bolýy kerek. Oıynshylar ózara kelisip, jeńimpazǵa júlde taǵaıyndap alady da, kezek-kezek tórt asyqty **ıiredi**. Eger **ıirýshi** tórt búk, shik, alshy, táıke túsirse, júldeniń jartysyn alady, tórt asyq tórt túrli tússe, onda tigilgen júldeni túgendei alady. Osylaisha oıyn jalǵasa beredi. Asyqty murtynan ne jambasynan turǵyzýdy ompy deıdi. Ol tegis alańda, jazyq jerde, tipti úlken bólmede oınala beredi. Oıynshy sany neǵurlym kóp bolsa, oıyn soǵurlym qyzyqty ótedi. Maqsat – kóp asyq utyp alý. Oınaýshylar arasy jıyrma qadam eki kómbe syzady da, kómbeniń **teń** ortasyna syzyq boıyna árqaısysy eki asyqtan tigedi. Tigilgen asyqtardyń **tap** ortasyna bir asyqty ompysynan turǵyzady. Balalar kezek-kezek sagalarymen jerdegi ompyny atyp túsirip, asyq utyp alýǵa kirisedi. Eger atýshy omgpyǵa birden tıgizse,bar asyqty alady,al ompyǵa tıgizbei, turǵan asyqtardyń bireýine tıgizse, sol asyqty ǵana alady. Osylaısha asyq jańartylyp, oıyn jalǵasa beredi.

# Фронтовой «Кулеш»

Солдатские каши, тыловые солянки, ржевский хлеб. Такими блюдами с самыми простыми ингредиентами запомнилась военная кухня Второй мировой. Предлагаем рецепт густого супа - «Кулеша». Согласно истории, им кормили танковые экипажи ранним утром перед одним из величайших танковых сражений Великой Отечественной войны – «Битве на Курской дуге». Для многих это был последний завтрак в их полной доблести и отваге жизни.

Нам понадобятся:

- 500-600 грамм грудинки на костях;
- 2 литра воды;
- пшено – 300 грамм;
- 3-4 картошки;
- репчатый лук.

-Срезаем мясо грудинки, косточки бросаем вариться на 15 минут в воду;

-Добавляем в кипящую воду пшено и варим до готовности;

-Чистим 3-4 картошки, режем её крупными кубиками и бросаем в кастрюлю;

-На сковородке обжариваем мясную часть грудинки с 3-4-мя мелко порезанными головками репчатого лука, и добавляем в кастрюлю, варим еще минуты 2-3.

Вкусное и сытное блюдо. Приятного аппетита!



**Қазақтың батыр қыздары:**
Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова,
Маншук Маметова

**Страницу подготовила**
**Айерке Султанбекова**


**Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.**

**Газет айына бір рет шығады**

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

**Меншік иесі:**
ҚР БжҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

**Ректор**
**Бауыржан Ердембеков**

**Бас редактор**
Гүлнара Қараша

**Аудармашы (ағылшын тілі)**
Ақбота Орманбекова

**Дизайнер:**
Айгерім Нуршина

**Фотограф:**
Есет Саргузин

**Редакцияның мекенжайы:**
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

**E-mail:**
**gazetaZhU@mail.ru**
**Сайт: www.arsu.kz**

**Facebook:** ZhU oblystyq gazeti

**Таралымы: 5000 дана**

**Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды**